

REVIEW OF THE FOREIGN SCIENTIFIC CONSULTANT
on the dissertation work of
Yeldar Yerkyynuly Mubarakov
entitled
«Development of a Management Model for Ensuring Gender Equality in the Labor
Market of the Republic of Kazakhstan»
Submitted for the degree of Doctor of Philosophy (PhD)
in the educational program 8D04101 – Management

The dissertation work by Yeldar Yerkyynuly Mubarakov, submitted for defense, is devoted to the study of one of the most pressing issues of contemporary socio-economic policy — the formation and institutional provision of gender equality in the labor market. In the context of the global transformation of employment, digitalization of the economy, and changes in the structure of human capital, issues of systemic governance of gender processes acquire strategic importance both for the sustainable development of the national economy and for enhancing its competitiveness.

The work gains particular relevance within the framework of the international sustainable development agenda, gender equality goals, and the increasing demand for evidence-based public policy. Unlike traditional approaches limited to the description of gender disparities, the author proposes a comprehensive governance model that allows gender equality to be considered as the outcome of the functioning of a multi-level institutional system.

One of the strengths of the dissertation is the organic integration of theoretical-methodological analysis with applied modeling. The author conducts an in-depth analysis of international experience in regulating gender processes in employment, including the practices of EU countries, the OECD, and states with transforming economies. At the same time, foreign approaches are not borrowed mechanically but are critically interpreted and adapted to the institutional specifics of the Republic of Kazakhstan. Such comparative analysis provides the study with an international perspective and enhances its scientific value.

The methodological foundation of the research deserves special attention. The author demonstrates a high level of proficiency in modern methods of economic analysis, including the systems approach, statistical data processing, index modeling, and econometric techniques. The development of an integral Gender Equality Index in the labor market (GE_LM_i), based on the aggregation of normalized indicators of labor force participation, employment rate, gender wage gap, and managerial representation, constitutes a significant scientific contribution.

A substantial result of the research is the construction of an econometric model that makes it possible to quantitatively assess the influence of controllable institutional factors — the institutional-legal environment, women's educational potential, and managerial representation — on the dynamics of gender indicators. The application of modeling to analyze the governability of gender processes in the context of the national labor market demonstrates the high scientific novelty of the work and complies with contemporary international standards of empirical research.

The scientific results of the dissertation consist in clarifying the content of the category «governance of ensuring gender equality in the labor market», developing a systemic

governance architecture (macro–meso–micro), forming an integral methodology for the quantitative assessment of gender differences, and substantiating tools for monitoring the effectiveness of public policy. The proposed approach makes it possible not only to diagnose the current state of gender imbalances but also to forecast their dynamics depending on institutional changes.

The practical significance of the research lies in the possibility of using the developed models by public authorities in the formulation and adjustment of employment programs, in the system of monitoring the effectiveness of gender policy, and in the strategic planning of labor market development. The results have an applied nature and can be adapted to the conditions of other countries with a comparable institutional structure.

The high level of the author's independence should be emphasized. The work demonstrates the ability to formulate research objectives, systematize scientific sources, critically evaluate various theoretical approaches, and develop an independent, well-argued position. The dissertation text is written in clear academic language, the logic of presentation is consistent, and the conclusions are supported by empirical calculations and modeling.

From both scientific and methodological perspectives, the dissertation by Yeldar Yerkyunuly Mubarakov meets the international requirements for PhD-level research. The work is distinguished by its relevance, scientific novelty, theoretical depth, and practical significance and represents a completed independent study.

Thus, I consider that the dissertation entitled «Development of a Management Model for Ensuring Gender Equality in the Labor Market of the Republic of Kazakhstan» fully meets the criteria established for dissertations submitted for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in the educational program 8D04101 – Management and may be recommended for public defense.

Foreign Scientific Consultant:

Dr. Habil. Zoltan Buzady

Doctor of Philosophy (Ph.D.), Habilitation, Associate Professor

Corvinus University of Budapest, Budapest, Hungary



Шетелдік ғылыми консультанттың
Елдар Еркынулы Мубараковтың
«Қазақстан Республикасының еңбек нарығында гендерлік теңдікті қамтамасыз
етуді басқару моделін әзірлеу»
тақырыбындағы
8D04101 - «Менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған
диссертациялық жұмысына
ШКІР

Елдар Еркынулы Мубараковтың қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмысы қазіргі әлеуметтік-экономикалық саясаттың ең өзекті мәселелерінің бірі - еңбек нарығында гендерлік теңдікті қалыптастыру және оны институционалдық тұрғыда қамтамасыз ету мәселесін зерттеуге арналған. Жұмыспен қамтудың жаһандық трансформациясы, экономиканың цифрландырылуы және адами капитал құрылымындағы өзгерістер жағдайында гендерлік үдерістерді жүйелі басқару мәселелері ұлттық экономиканың тұрақты дамуы мен оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін стратегиялық маңызға ие болып отыр.

Зерттеу халықаралық тұрақты даму күн тәртібі, гендерлік теңдік мақсаттары және дәлелдерге негізделген мемлекеттік саясатқа деген сұраныстың артуы аясында ерекше өзектілікке ие. Гендерлік теңсіздіктерді тек сипаттаумен шектелетін дәстүрлі тәсілдерден айырмашылығы, автор гендерлік теңдікті көпдеңгейлі институционалдық жүйенің қызмет ету нәтижесі ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін кешенді басқару моделін ұсынады.

Диссертацияның маңызды артықшылықтарының бірі - теориялық-әдіснамалық талдаудың қолданбалы модельдеумен үйлесімді түрде біріктірілуі. Автор жұмыспен қамту саласындағы гендерлік үдерістерді реттеудің халықаралық тәжірибесіне терең талдау жүргізеді, оның ішінде Еуропалық одақ елдерінің, ЭЫДҰ ұйымының және өтпелі экономикасы бар мемлекеттердің тәжірибесі қамтылған. Сонымен қатар, шетелдік тәсілдер тікелей түрде көшірілмей, Қазақстан Республикасының институционалдық ерекшеліктеріне бейімделіп, сыни тұрғыдан қайта қарастырылған. Мұндай салыстырмалы талдау зерттеуге халықаралық сипат беріп, оның ғылыми құндылығын арттырады.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ерекше назар аударуға лайық. Автор экономикалық талдаудың заманауи әдістерін, соның ішінде жүйелік тәсілді, статистикалық деректерді өңдеуді, индекстік модельдеуді және эконометрикалық әдістерді жоғары деңгейде меңгергенін көрсетеді. Еңбек нарығындағы гендерлік теңдіктің интегралдық индексіні (GE_LM□) әзірлеу - ғылыми тұрғыдан маңызды үлес болып табылады. Бұл индекс әйелдердің жұмыс күшіне қатысуы, жұмыспен қамтылу деңгейі, еңбекақыдағы гендерлік алшақтық және басқарушы лауазымдардағы өкілдігі сияқты нормаланған көрсеткіштерді біріктіру негізінде қалыптастырылған.

Зерттеудің маңызды нәтижелерінің бірі - басқарылатын институционалдық факторлардың (институционалдық-құқықтық орта, әйелдердің білім беру әлеуеті және басқарушылық деңгейдегі өкілдігі) гендерлік көрсеткіштердің динамикасына әсерін сандық тұрғыда бағалауға мүмкіндік беретін эконометрикалық модельдің құрылуы.

Ұлттық еңбек нарығы жағдайында гендерлік үдерістердің басқарылуын талдау үшін модельдеуді қолдану жұмыстың жоғары ғылыми жаңалығын көрсетеді және қазіргі халықаралық эмпирикалық зерттеу стандарттарына сәйкес келеді.

Диссертацияның ғылыми нәтижелері «еңбек нарығында гендерлік теңдікті қамтамасыз етуді басқару» санатының мазмұнын нақтылаудан, басқарудың жүйелік архитектурасын (макро-мезо-микро деңгейлері) әзірлеуден, гендерлік айырмашылықтарды сандық бағалаудың интегралдық әдістемесін қалыптастырудан және мемлекеттік саясаттың тиімділігін мониторингтеуге арналған құралдарды негіздеуден тұрады. Ұсынылған тәсіл гендерлік теңсіздіктің ағымдағы жағдайын диагностикалауға ғана емес, сонымен қатар институционалдық өзгерістерге байланысты олардың динамикасын болжауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық маңызы әзірленген модельдерді мемлекеттік органдардың жұмыспен қамту бағдарламаларын әзірлеу және түзету барысында, гендерлік саясаттың тиімділігін мониторингтеу жүйесінде, сондай-ақ еңбек нарығын стратегиялық жоспарлау процесінде қолдану мүмкіндігімен анықталады. Зерттеу нәтижелері қолданбалы сипатқа ие және ұқсас институционалдық құрылымы бар басқа елдердің жағдайларына бейімделуі мүмкін.

Автордың дербестік деңгейі жоғары екендігін ерекше атап өткен жөн. Жұмыста зерттеу мақсаттарын нақты қою, ғылыми дереккөздерді жүйелеу, түрлі теориялық тәсілдерді сыни бағалау және негізделген авторлық ұстанымды қалыптастыру қабілеті көрініс тапқан. Диссертация мәтіні анық академиялық тілде жазылған, баяндау логикасы жүйелі, ал қорытындылар эмпирикалық есептеулер мен модельдеу нәтижелерімен дәлелденген.

Ғылыми және әдіснамалық тұрғыдан алғанда, Елдар Еркынулы Мубараковтың диссертациясы PhD деңгейіндегі зерттеулерге қойылатын халықаралық талаптарға толық сәйкес келеді. Жұмыс өзектілігімен, ғылыми жаңалығымен, теориялық тереңдігімен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді және аяқталған дербес ғылыми зерттеу болып табылады.

Осылайша, «Қазақстан Республикасының еңбек нарығында гендерлік теңдікті қамтамасыз етуді басқару моделін әзірлеу» тақырыбындағы диссертация 8D04101 - «Менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және көпшілік алдында қорғауға ұсынылуы мүмкін.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Хабил. Золтан Бузаци

философия докторы (PhD), хабилизацияланған доктор,

қауымдастырылған профессор

Corvinus University of Budapest

(Будапештің Корвинус университеті), Будапешт, Венгрия

/қолы/

*/Мөр: Corvinus University of Budapest (Будапештің Корвинус университеті) * 21./*

Құжаттың мәтінін ағылшын тілден мемлекеттік тілге аударған Татиева Әйгерім Қалиаскарқызы

Татиева Әйгерім Қалиаскарқызы

Өскемен қаласы Шығыс Қазақстан облысы Қазақстан Республикасы
Жиырма бірінші мамыр екі мың жиырма алтыншы жыл, мен, Нуралынова Рысгуль
Кабдуалиевна, Шығыс Қазақстан облысының нотариаттық округінің нотариусы,
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі 2015 жылғы 28 желтоқсанда берген
№ 15022545 мемлекеттік лицензия негізінде, аудармашы Татиева Әйгерім
Қалиасқарқызының қолының түпнұсқалығын куәландырамын. Аудармашының
жеке басы анықталды, әрекет қабілеттілігі мен өкілеттігі тексерілді.



Тізілімде № 1126 болып тіркелді
Өндірілді: 2 292 теңге

Нотариус Нуралынова Рысгуль Кабдуалиевна

Осы құжатқа өткізілімі
Данный документ прошитурован и
пропумерован на _____ лист
Нотариус Нуралынова Рысгуль Кабдуалиевна



город Усть-Каменогорск Восточно-Казахстанская область Республика Казахстан
Двадцать первого мая две тысячи двадцать шестого года, я, Нуралынова Рысгуль
Кабдуалиевна, нотариус нотариального округа Восточно-Казахстанской области,
Государственная лицензия № 15022545 выдана 28.12.2015 года Министерством
юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи
переводчика Татиевой Әйгерім Қалиасқарқызы. Личность переводчика
установлена, дееспособность и полномочия проверены.



Зарегистрировано в реестре за № 1126
Взыскано: 2 292 тенге

Нотариус Нуралынова Рысгуль Кабдуалиевна



ST2006140260521144219V40168A

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия